

«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ  
ЕНБЕК ЖӘНЕ ХАЛЫҚТЫ  
ӘЛЕУМЕТТІК ҚОРҒАУ  
МИНИСТРЛІГІ ХАЛЫҚТЫ  
ӘЛЕУМЕТТІК ҚОРҒАУ  
САЛАСЫНДАҒЫ РЕТТЕУ ЖӘНЕ  
БАҚЫЛАУ КОМИТЕТІНІҢ АЛМАТЫ  
ОБЛЫСЫ БОЙЫНША  
ДЕПАРТАМЕНТІ» РММ



Заслужен  
РГУ «ДЕПАРТАМЕНТ КОМИТЕТА  
РЕГУЛИРОВАНИЯ И КОНТРОЛЯ В СФЕРЕ  
СОЦИАЛЬНОЙ ЗАЩИТЫ НАСЕЛЕНИЯ  
МИНИСТЕРСТВО ТРУДА И  
СОЦИАЛЬНОЙ ЗАЩИТЫ НАСЕЛЕНИЯ  
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН ПО  
АЛМАТИНСКОЙ ОБЛАСТИ»

040800, Алматы обл., Қонаев қаласы, 1 шағын ауданы, 41/4  
Тел.: 8(72772) 7-95-55  
E-mail: almatyobldep@enbek.gov.kz

040800, Алматинская обл, г. Конаев, 1 микрорайон, 41/4  
Тел.: 8(72772) 7-95-55  
E-mail: almatyobldep@enbek.gov.kz

№ 07/318-и  
от 08.04.2026

«Астана медициналық  
университеті» КЕАҚ  
басқарма төрағасы-ректор  
А. Тұрмұхамбетоваға

### Құрметті Анар Ақылбекқызы!

Халықты әлеуметтік қорғау саласындағы реттеу және бақылау комитетінің Алматы облысы бойынша департаментінің медициналық-әлеуметтік сараптама бөлімдері мүгедектікті белгілеу, оның тобын, себептерін және мерзімін айқындау, мүгедектігі бар адамдарды қайта куәландыру, сондай-ақ оларды әлеуметтік қорғау және оңалту шараларын айқындау бойынша мемлекеттік қызметтерді жүзеге асырады. Медициналық-әлеуметтік сараптама (МӘС) бөліміндегі жұмыс атқаратын бас мамандар С-О-5 санатындағы мемлекеттік қызметкері болып табылады. МӘС бөлімдерінде жоғары медициналық білім, жоғары оқу орнынан кейінгі білім: денсаулық сақтау (қоғамдық денсаулық сақтау және/немесе медициналық – профилактикалық іс және/немесе жалпы медицина және/немесе педиатрия) мамандары қызмет атқара алады.

Бүгінгі таңда аудандарда орналасқан МӘС бөлімдерінде бос вакансиялар болуына байланысты жоғарыда аталған мамандықтарға қажеттілік туындауда.

Осыған байланысты, оқу орындарын тәмамдаған түлектерді жұмысқа қабылдауға дайынбыз. Және де түлектерді департаментте практикадан өтулерін ұйымдастыруға кепілдеме береміз.

Жоғарыдағыны ескере отырып, жас мамандарды тұрақты жұмыспен қамту мақсатында оқу бітірген түлектерді жолдауларыңызды сұраймыз.

Туындаған сұрақтар бойынша және қосымша ақпаратты төмендегі байланыс нөмерінен алуға болады: 8/72772/7-95-55

Ынтымақтастық үшін алғыс білдіремін

Департамент басшысы



А. Нарматов